

**«Есбол орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жоспардан тыс қамқоршылық кеңесі отырысы болып өтті.**

№ 2 хаттамасы

Есбол орта мектебі

15.11.2024 ж

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Калимукашева Анар – Есбол ФАП фильдшері – кеңес төрайымы;
2. Дәулетқалиев Қуаныш – Даму спорттық балалар үйіrmесінің жетекшісі, жеке кәсіпкер- кеңес мүшесі;
3. Рахымғалиева Гулбаршин – зейнеткер ұстаз, кеңес мүшесі;
4. Қажығалиева Ардақ – Айгүл бөбекжай-бақшасы әдіскер/тәрбиеші
Әлеуметтік педагог-А.Төреғалиева, хатшы

Қатыспағандар: (жұмыс бабымен келмегендер)

1. Жакиев Мейрман - Махамбет АПБ ЖПП инспекторы, кеңес мүшесі;
2. Сейтказиев Турлан - ата-ана, кеңес мүшесі;
3. Жексенгулов Каблет – ата-ана, кеңес мүшесі;

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. 2024-2025 оқу жылында аудандық жаңа жылдық мерекелік шыршасына 1 үздік оқушы қатыстыру.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес төрайымы А.Калимукашева жаңа жылдық мерекелік шыршаға ұсынылып отырған оқушылар тізімімен танысып шығып, арасынан жіберетін оқушыны таңдауды ұсынды.

Сөйледі – әлеуметтік педагог әрі хатшы А.Төреғалиева. Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет аудандық білім бөлімі 2024 жылдың 14 қарашасындағы №06-01-06-12-06-04-10/1832 санды хаты негізінде аудандық жаңа жыл мерекелік шарасына әлеуметтік осал топ санатына жататын денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушы (Қазбек Айдынға қысқы киім жиынтығына арналған көмек ұсынылады). Сондай-ақ шараға қатысу үшін мектептен үздік оқушы қатыса алатындығын мәлімдеді. Оқушыларға жеке тоқталып өтті. 2024-2025 оқу жылы басталғалы Республика көлемінде жарысқа қатысып бағынын сынап келген 9-сынып оқушысы Адилев Ержан. Көп балалы отбасыдан шыққан, әкесі жұмыс бабында жасы келгендіктен зейнетке шықты, анасы декреттік демалыста. Екінші оқушы облыс көлемінде мектебіміздің абыройын қорғап бағын сынап келген 6-сыныптың үздік оқушысы Жоламанқызы Айтұмар. Әкесі мүгедектік тағайындалған. Анасы жұмыс жасамайды, Алтын алқалы көп балалы отбасы.

Сөйледі: зейнеткер ұстаз Г.Рахымғалиева – кеңес мүшесі. Шырша үлкен сыныптың оқушысын қызықтыра қоймасы анық. Ауқымды үлкен шыршаға барғасын жерде оқушы ортаға ұялмай шыға алатындай, көңіл көтеріп, сезімін білдіре алатын орта сыныптың немесе бастауыш сыныптың оқушысы барған дұмыс деп ойлаймын. Әлеуметтік педагог ұсынып отырған

оқушылардың ішінен Жоламанқызы Айтұмар лайықты. Әлеуметтік жағдайы да сай келеді.

Айтылған ұсыныс пікірге қатысушы кеңес мүшелері бірауыздан келісті.

Шешім етеді:

1. Үйден оқитын оқушы Қазыбек Айдынға қыстық киімге ұсынылсын.
2. Аудандық жаңа жыл мерекелік шарасына үздік оқушы Жоламанқызы Айтұмар жіберілсін.

Комиссия төрайымы



А.Калимукашева

Хатшы



А.Төреғалиева